

«30 ИГІ ІС» ОЙЫЛ ЖАСТАРЫНЫҢ ҮЛЕСІ



Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығы бастамасымен “Қайырымды марафон” жобасы бойынша ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында іске асырылып жатырған “30 игі іс” акциясы қолға алынған болатын.

Алдымен орталық жастары бірлесе келе, өзіміз ыстық тағаммен, төтті, дәмділерімізді алып аудан орталығындағы мектеп интернатта жатқан науқас жандарға табыстадық. Бұл шараның басты мақсаты: ауданымыздың эпидемиологиялық ахуалына байланысты қазіргі таңда ем алып жатырған науқас

жандарға демеу болып, қолдау көрсету, жастардың жүрегіне имандылық, қайырымдылық ұялату.

Технология дамыған заманда адамгершіліктен ада болмау, ауырған адамнан жағдай сұрау, көптің тілеуін тілеу секілді жастарға кішкене де болса үлгі-өнеге көрсету еді. Жақсылықта жарысу, жақсы істе жұмылу жақсылардың ісі. «Қашқан қоян - жатқан қоянды ала кетеді» – дегендей, біздің игі істі әрі қарай аудандағы мектеп, мекемелерге жолдап, олар жарыса алып кетті. Барлық мектеп, мекеме жастары аурухана да және мектеп интернатында

жатқан науқас жандарға дәмді тағамдарын апарды.

Осындай игі істі бастаған біздер өзімізге ризамыз. Сөл де болса, қоғамға, елге көмек беру, елдің батасын алу мәртебе. Біз бастаған істі әрі қарай жалғастырып жатқан мектеп, мекеме жастарына, ұжымдарына алғыс білдіреміз. Бұл шара тоқтап қалмайды. Қолдан келгенше ауданның мекемелерін осы шараға көптеп тарту ойда бар.

Нұрсұлтан ЖУМИН,
Аудандық жастар ресурстық орталығының маманы.

ТАҒАЙЫНДАУ



Аудан әкімінің 2021 жылғы 6 сәуірдегі №171 өкімімен «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 15-бабының 1-тармақшасына және 27 бабының 5-тармағына сәйкес Төремұратов Мәулен Оралұлы 2021 жылғы «7» сәуірден бастап конкурстық комиссияның оң қорытындысын алуына орай «Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Е-Р-1 санатындағы бөлім басшысы лауазымына тағайындалды.

Өмірбаяны

Төремұратов Мәулен Оралұлы - 1986 жылы 1 маусымда Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ойыл ауылында дүниеге келген. Білімі - жоғары, 2007 жылы Алматы экономика және статистика академиясын «Қаржы» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2007 жылдың 1 қараша-сынан бастап Ойыл аудандық пошта байланыс торабынан бастаған.

2008-2009 жж. - «Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінде жетекші маманы;

2009-2012 жж. - «Ойылаудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесінде жетекші маман, бас маман қызметтерін атқарған.

2012-2020 жж. - «Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінде бас маман, 2020 жылдың 5 маусымынан желтоқсан айына дейін Ойыл ауданы әкімі аппаратының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелерін үйлестіру және ақпараттандыру бөлімінің басшысы қызметін атқарған.

2020 жылдың желтоқсан айынан бастап қазіргі уақытқа дейін Ойыл ауылдық округі әкімінің орынбасары лауазымын атқарып келді.

Отбасылы, 2 қыз, 1 ұл тәрбиелеп отыр.

ТАҒАЙЫНДАУ



Аудан әкімінің 2021 жылғы 6 сәуірдегі №170 өкімімен «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 15-бабының 1-тармақшасына және 27 бабының 5-тармағына сәйкес Ербаев Айбат Түгелбайұлы 2021 жылғы «7» сәуірден бастап конкурстық комиссияның оң қорытындысын алуына орай «Ойыл аудандық көсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Е-Р-1 санатындағы бөлім басшысы лауазымына тағайындалды.

Өмірбаяны

Ербаев Айбат Түгелбайұлы 1994 жылы 4 наурызда Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл ауылында дүниеге келген. Білімі жоғары. 2015 жыл - Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетін «Мұнай газ ісі», 2018 жыл - С.Бейішев атындағы Ақтөбе университетін «Экономика» мамандықтары бойынша тәмамдаған.

Еңбек жолын 2016-2017 жылдары Мұғалжар аудан әкімі аппаратында техник-инспектор болып бастаған.

2017 ж. қаңтар -2018 ж. ақпан айлары аралығында Мұғалжар ауданы әкімінің аппаратында құжаттамалық және қаржы шаруашылық жұмысының жетекші маманы қызметін атқарған.

2018 ж. ақпан – қараша айларында «Ақтөбе қаласындағы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің «Батысқазжерқойнауы» Батыс Қазақстан өңіраралық геология және жер қойнауын пайдалану департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік теңгерім және геологиялық қорлар бөлімінде бас маман қызметінде болған.

2018 ж. қараша – 2019 ж. шілде айлары аралығында Ойыл аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің бас маманы қызметін атқарған.

2019 шілде айынан бастап қазіргі уақытқа дейін Ойыл аудандық көсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің сектор меңгерушісі қызметін атқарып келді.

Отбасылы, 1 қыз тәрбиелеп отыр.

ТІРКЕУ САЛАСЫНА ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР

Қазіргі таңда әділет органдары мемлекеттік тіркеу саласында мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- орталық мемлекеттік органдар мен олардың ведомстволарының, мәслихаттардың, әкімдіктердің, өкімдердің және облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана тексеру комиссияларының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу, Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау саласында орталық мемлекеттік органдар мен олардың ведомстволарында, мәслихаттар мен олардың аппараттарында, әкімдіктерде, өкімдердің аппараттарында, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астана-

ның тексеру комиссияларында бақылау жасау;

- коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу, сондай-ақ Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімін жүргізу;
- жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу, жылжымалы мүлік кепілін тіркеу, жылжымайтын мүлікті мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау және жылжымалы мүлік кепілінің тізілімін жүргізу саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру;
- жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру.

Осы функцияларды жүзеге асыра отырып, әділет органдары қызметкерлері заңда белгіленген жағдайлар мен тәртіп бойынша өкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасап, істерді қарауға, өз құзыреті шегінде өкімшілік жазалар қолдануға өкілетті. Үстіміздегі жылдың басында тұлға

құқық (құқық ауыртпалығы) туындауы үшін негіз болып табылатын заңдық факт басталған, оның ішінде шартты нотариат куәландырылған, сот шешімі күшіне енген, өзге де құқық белгілейтін құжаттар берілген кезден бастап алты айдан кешіктірмей мемлекеттік тіркеу туралы өтінішпен жүгінуге міндетті болатын заң бабы алынып тасталды, яғни жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуге құжаттарды беру мерзімін бұзу үшін жауаптылық көзделмейтін болды. Электрондық тіркеу түсінігі нақтылан, яғни бұл дегеніміз— тіркеуші органға құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесі арқылы түсетін құқық белгілейтін құжаттың электрондық көшірмесі негізінде жүзеге асырылатын мемлекеттік тіркеу. Электрондық тіркеу уәкілетті орган айқындаған тәртіппен, тіркеуші органның электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған тіркеу жүргізілгені туралы хабарламаны құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесінен жөнелту

жолымен расталады. Сондай-ақ, бұзылған объектілерді тіркеуге байланысты өзгерістер енгізілді, жылжымайтын мүлік объектісінің бұзылуына байланысты құқықтардың тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу үшін өтініш беруші (өтініш берушінің уәкілетті өкілі) жылжымайтын мүлік объектісінің тұрған жері бойынша сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы орган да есепке алудан және тіркеуден өткен ғимараттар мен құрылыс жайларды бұзу актісін қоса бере отырып, құқықтың тоқтатылуын тіркеу туралы өтінішті ұсынаатын болды.

Бұл жаңашылдықтардың барлығы рұқсат беру тәртіптерін жеңілдету, Дүниежүзілік Банктің «Doing Business» рейтингінде Қазақстан Республикасының ұстанымдарын жақсарту мақсатында енгізілуде.

**Ойыл ауданаралық
Әділет басқармасы**

РАМАЗАН ҚАРСАҢЫНДА ҚМДБ ТӨРАҒАСЫ, БАС МҮФТИ НАУРЫЗБАЙ ҚАЖЫ ТАҒАНҰЛЫНЫҢ ҮНДЕУІ

Құрметті жамағат!

Өкінішке қарай, биыл да қасиетті Рамазан айын пандемия жағдайында өткізгелі отырмыз. Жұқпалы дертті оқшаулану, сақтану арқылы ғана жеңуге болатынын анық аңғардық. Осы ретте сіздерді ауызашар кезінде, құлшылық сәттерінде санитарлық талаптарды қатаң сақтауға шақырамын.

Денсаулық – бәрінен қымбат құндылық, Алланың адамзатқа берген аманаты. Осы орайда жасы алпыстан асқан аға-апаларымды ауыз бекітуден бұрын медициналық тексеруден өтіп, дәрігердің тиісті кеңесін алуға шақырамын. Егде жастағы және балиғатқа толмаған азаматтардан күрделі ахуал тұрақталғанша мешітке бармай, құлшылықты үйде орындауын сұраймыз.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы Рамазан айында айтылатын уағыз-насихат, сұрақ-жауап жұмыстарын онлайн режимде жүргізуді жалғастырады. Құран хатым жасау рәсімдері де қашықтан оқылады.

Интернет желісі арқылы сұраққа жауап алып, онлайн насихат тыңдап, үйден шықпай сауапты амалдарға ортақтасуға болады. Біз қазіргі жағдайды ескеріп, өткен жылы жүзеге асырған жобамыз бойынша пітір садақасы мен зекетті онлайн режимде берудің оңтайлы жолын тағы ұсынып отырмыз.

Қадірлі қауым!

Сіздерді пандемия кезінде барынша сақтанып жүруге, адам көп шоғырланған орындарға бармауға, ауыз бекіткен жағдайда дұрыс тамақтануға, мүмкіндігінше жұмыс кестесін ыңғайлап, денсаулықты күтуге үндеймін.

Қасиетті айда қайырымдылық жасап, сауап алуды ниет еткен жандарға айтырмын: ауызашар қораптарын еріктілер немесе мешіт қызметкерлері арқылы көмекке мұқтаж азаматтарға жеткізуге болатынын қаперлеріңізге саламын. Діни басқарма Рамазан айында санитарлық талаптарды сақтай отырып, қайырымдылық іс-шараларын жоспарлы түрде жүзеге асырады. Баршаңызды игі іске үлес қосуға шақырамын.

Құрметті бауырлар!

Рамазан –Рабымыздың мейірім-махаббатына бөленетін ай. Ендеше, берекелі айдың берекетінен құр қалмайық, халайық.

Ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Кімде кім бауырының қажетін өтесе, Алла оның қажетінде болады. Кімде кім мұсылманның бір қайысымен сөйлеспесе, Алла оның қайы-қасіреттерінің бірін сөйлетпеді»**, – деген.

Алла Тағала ниетіміз бен амалымызды қабыл етіп, баршамызды Рамазаннан Рамазанға дейін айдан аман, жылдан есен жеткізе бергей!

Жаратушы Иеміз жер бетінен жұқпалы індетті жойып, жұртымызға жар болғай, елімізді аман, жерімізді тыныш етпей! Әмин!

13 СӘУІР –

РАМАЗАН АЙЫНЫҢ БІРІНШІ КҮНІ!

Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти

РАМАЗАН АҰЫ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Аса қамқор ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын! Барлық мақтау Аллаға тән. Ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммедке Алланың салауаты мен сәлемі болсын!

Құрметті қауым!

Баршаңызды он екі айдың сұлтаны, қасиетті Рамазанның басталуымен шын жүректен құттықтаймын! Отбасыларыңызға бақ пен береке тілеймін!

Жаратушы Жаббар Иеміздербір игі амалдың сауабы еселеніп жазылатын берекелі айда ұстаған оразамызды, жасаған дұғамызды, оқыған намазымызды, орынды себептермен ауыз бекіте алмай қалған жандардың берген садақаларын қабыл еткелі!

Рамазанда ауыз бекіткен ісі мұсылман баласы өзін ішіп-жеуден ғана шектемей, жаны мен тәнін жамандықтан сақтап, ізгілікке ұмтылады. Іс-әрекетін мұсылманға тән әдел аясында орындауға тырысады. Өйткені, Рамазан – кез келген игі амалды риясыз ниетпен жасауға тәрбиелейтін, адамды тақуалыққа үйрететін ай. Аштық пен шөлге төзіп, Алла разылығын алуды шынайы ниет еткен адамға берілетін сый мен құрмет ерекше болмақ.

Алла Тағала Құдси-хадисте: **«Аузы берік адам ішіп-жеуін Мен үшін доғарды. Ораза – Мен және құлымның арасындағы ғибадат. Оған берілетін сыйды Мен ғана өлшеп, Мен беремін. Аузы берік құлымның аштық пен шөлдеу себебінен шыққан ауыз иісі Мен үшін миск өтірінен де қайырлы»**, – деген.

Қадірлі жамағат!

Бүгінде Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы «Ихсан ілімін» кеңінен насихаттап келеді. Ихсан – пенденің иманын бекемдеп, құлшылыққа деген құлшынысын арттыратын, адамгершілікке тән игі қасиеттерді кемелдендіре түсетін рухани ілім. Бұл – әр амалды көркем түрде орындауға үйрететін ілім. Осы ретте рухани кемелдену айы – Рамазанда барынша өдепсіз әрекет пен қате-кемшіліктен арылып, тұлбабойымызда көркем мінез құндылықтарын қалыптастыруға тырысқанымыз абзал.

Алла Тағала жер бетінен жұқпалы індетті жойып, адамзатты қауіп-қатерден аман етпей. Әмин!

АУРУДЫ ЕСКЕРМЕУ – ОНЫҢ ТАРАЛУЫНА ЖОЛ АШУ

Ойылдық жерлестер, тағы да сын сағаты туындады. Ғаламды шарпыған пандемияның кезекті толқыны соқты. Ол Ойылды да айналып өткен жоқ. Сондықтан сіздерді сабырлық сақтауға шақырамын! Карантин кезіндегі шектеулерге құлақ асыңдар. Бас қосудары шектеніздер! Бұл сақтық шаралары, үйде болған дұрыс. Көшеге шығуды, қыдыруды, қонаққа баруды, той-томалақты мүлдем доғару керек. Маска киіп, қолды үнемі жуып жүру, антисептиктер пайдалану ләзім. «Бізге келмейді, ештеңе етпейді, өтірік» – деген пиғылдан аулақ болайық. Елде болса, еріңге тиеді. Мал-жанның амандығын берсін. Көктем созылып, қыс керіліп шығып болмай жатқан уақытта бір-біріңізге көмек қолын созып, тығырықтан бірігіп шығудың амалын жасауға шақырамын!

Алмат ПАНГЕРЕЕВ,
Ақтөбе қаласы.

БҰЛ ӘЛЕУМЕТТІК АУРУ ЕМЕС!

Ақтөбе облыстық мәслихатының депутаты Берік Көздіғарин екеуіміз қала сыртындағы наркодиспансерде COVID-пен ауырып қалған науқастардың жағдайын көріп қайттық.

Дәрігерлерге рақмет, науқастарды күні-түні қарап, емдеп жатыр. Бірақ ауруханаға түсіп жатқандар саны көбейіп барады. Кейбіреулерінің жағдайлары ауыр. Дене қызуы түспей, сатурациясы қатты төмендеп кеткендер. (Сатурация — қан құрамындағы оттегі көлемі). Иіс, дәм сезгенімен, дем ала алмай өкпелерінің 60-70 пайызы қабынып түсетіндері көп.

«Жағдай былтырғыдан да ауыр, науқастарды бірден аппаратқа қосып, емдеп жатырмыз», — дейді дәрігерлер.

Отбасымен жатқандары бар. Беттері бері қарап, реанимациядан шыққандары: «Басымызға түскесін, сендік. Қатерін сезіндік, тұма-туыс, таныстардың бәріне «сақтаныңдар!» деп айтып жатырмыз», — дейді.

Наркодиспансердің қасындағы еңбекпен емдеу мекемесін де сақадай сай ғып қойыпты. Бұл жерден басқа, ковид науқастарды қабылдап жатқан қаладағы халық Мочаловский деп атайтын емхана, балалар ауруханасы, инфекциялық ауруханадан басқа «Шағала» шипажайы да резервте дайын тұр. Құдай бетін өрмен қылсын! Мына бір ауыр кезеңнен өтіп кеткенше сақ болыңыздар! Бұл әлеуметтік ауру емес. Дәулетіне қарамай, әулетімен ауырып жатқандарды да естіп отырмыз.

Халқымыз аман болсыншы!

Бақыт ЖАНШАЕВА,
облыстық мәслихат депутаты.



Ойыл 100 Жылы

Ресей империясының құрамына енгеннен бастап қазақ даласында сауда-саттық қатынастардың жаңа түрі жәрмеңкелер кеңінен тарала бастады.

Тек қана Қазақстанның батыс бөлегінде Кіші жүзде Ішкі Бөкей Ордасында (Жәңгір хан жәрменкесі), Оралда, Гурьевте, Ырғыз (Жармола), Темір (Қарақамыс), Көкжар (Ойыл) Ақтөбе жәрмеңкелері пайда болды. Бұл жәрмеңкелер Қазақстандағы ірі сауда орындары ғана емес қазақ өнерінің дамуына өзіндік үлес қосқан өнер ордалары да болды.

Жәрмеңкелер сол ұста өмір сүрген ақын, жыраулардың шығармашылы-

Аңызым жаңа шыққан **орынборлық**.

Қолыма алып бердің қу қарағай,

Не болды даусым саған

сырғанамай.

Күлмеймін, ойнамаймын

десем-дағы,

Барады өтіп дәурен бір қарамай,

Домбыра алдым қолға сегіз перне,

Қызығы бұл шіркіннің тартқан жерде.

Қолға алып өрлі-берлі

тартқанымда

Жаны жоқ кеудесінде адам дегре».

Орынбор жәрмеңкесінің сөнін

келтіріп, салтанатын арттырған өнер-

паздардың ішінде Төңірберлі Молда-

байдың орны өте ерекше. Жәрменкеге

жиналған дүйім көпшілік «орынбор

де (1866 жылға дейін) өтетін «Хан жәрмеңкесіне бүкіл Бөкейліктен, одан тыс жерлерден Ұзақ Мырзабаев секілді күйшілер, Махамбет Өтемісұлы секілді ақын, жыраулар, мергендер, балуандар жиналған.

Бөкей Ордасының 1 және 2-ші теңіз округтерінің екімі Мақаш Шолтырулы Бекмұқанбетов аса көрнекті домбырашы Соқыр Есжанға көп қамқорлық жасаған. Оның өнеріне төңті болған Мақаш өкім сол кезде округ өңіріндегі ең ірі жәрмеңке – Қордуан базарына барып, өзге де өнер шеберлерімен сайысқа түсуге ұсыныс жасайды.

Жәрмеңкеге барғысы келмей тартыншақтанған Есжанды жәрменкеге өзі ертіп барып, сайысқа түсіріп, осы жарыста Соқыр Есжан басқа күйшілерден асып түседі. Мақаш осыдан соң Соқыр Есжанды Бөкей Ордасын-

Базар жырау (9) өзінің жыр маржандарын төгілте жырлаған. Базар жыраудың «Жиырма бес», «Ойналық та күпелік», «Кер миығым, кербезім», «Бір шығайын құмардан», «Тіршіліктің түрлері», «Жамиғы қазақ бір туған» т.б. жыр-толғауларын Ырғыз жәрмеңкесіне жиналған жақсы мен жайсаң, жас ұрпақ сүйсіне тыңдаған. Торғай облысының құрамындағы Ырғыз уезінің №2 крестьян участогына қарайтын Шалқар өңірінің Ұлы Борсық құмын қыстайтын тұрғындары Орынборға мал айдап апарып, қала сыртындағы айырбас ауласында («Меновой двор») мал және мал өнімдерін өздеріне қажетті тұрмыстық заттарға айырбастап, үй-шаруашылығына қажетті дүние-мүліктер алып келітетін болған. Осы жағдай кейінгі ақын-жыраулардың шығармасына

мола) жәрмеңкесінде көпшілік күйсүйер қауымның жанын рахатқа бөлеген дәулескер күйші. Қазанғап Ырғыз (Жармола) түрмесінде жатқан Батақтың Сарысымен қоштасуға Жем бойын аралап жүрген жерінен ат басын бұрып асыға жетіп, ардақты ақынмен қоштасуға Жармолаға жиналған 3 мыңнан астам адаммен бірге қамығады. Күйші Қазанғапты көргенде Батақтың Сарысы:

«Баласы мен Батақтың атым –

Сары,

Қайтейін, өлмей тірі жүрмін өлі.

Мен жаттым абақтыда 1 жыл шіріп,

Ас түгіл бір кесе шай түске кіріп» - деп мұның шағады. (12)

Сарымен кездесу Қазанғап күйшінің

әнші-ақындарға деген ықыласын арттыратын болған. Осы жағдай кейінгі Қазанғап Орынбор айырбас базарында

төткен. Бітегеннің айтысу мәнері ерекше, арқасы қозғанда бір орында отыра алмай:

«Мен айтулы Бітеген

Шын мінезім келгенде

Жауар қардай түтеген», -деп арынды жырды түйдектеді екен.

1878-жылы ашылған Темір жәрмеңкесінде айырбас сауда-саттық жұмыстарымен қатар ат шабыс, палуандар күресі, өнер сайыстары үнемі ұйымдастырылып өткізіліп тұрған. Қарақамыс (Темір) жәрмеңкесінде бірде күйшілердің сайысын өткізу кезделген. Осы сайыста күйшілер ел бұрын естімеген күйлерді ат үстінде өз жанынан табанда шығаруға тиісті болады. Сол сайысқа атақты Мөңке күйші қатынасады. Мөңкенің аты жуас, көзге қораштау екен. Бір байдың мырзасы өзінің жорғасын ұсынғанмен, «күй-

ЖӘРМЕҢКЕ - ӨНЕР ОРДАСЫ

ғының дамуына үлкен әсер етті, сонымен бірге қарапайым халықтың рухани қажеттілігін орындауда да ерекше орын алды.

Жәрмеңкелерді өз творчествосының (шығармашылығының) өзегіне айналдырған ақын кердері Әбубөкір. Ол Орынбор, Троицк қалаларында

жәрмеңкесінің қос босағасы» деп атаған Молдабай мен Әкімгерей шындығында шоқтығы биік өншілер болған. Төңірберлі Молдабай (шын аты - Жылқышы) - ата-бабасы Оралдың Теке қолтығы деген жерінен Ақтөбе өңіріне (Мартек ауданына) көшіп келген - Тамма руының мақ-

да белгі Боғда тауында өтетін үлкен жәрмеңкеге қатынастырып, оның күй өлеміндегі есімін бүкіл Бөкей Ордасына тарауына себепші болады. (6)

Ноғайлы жұртының ұлы философы атанған абыз Асан қайғының:

«Ойыл деген ойынды

Отын тапсаң тойынды.

өзек болды.). О.Мақатовтың «Әлима-ның өңі» поэмасында жергілікті Шалқар халқының Орынбормен байланысы былайша суреттеледі:

«Өбді мен Жапақ –
байдың балалары,
Жасы үлкен Әлиманың ағалары.
Базарлап Орынборға кеткен екен,
Басында өткен айдың шамалары.
Үш жүз қой, кеткен екен көп

жылқы айдап,

Жол басшы, қосшыларын

өбден сайлап.

Кідіріп қалған екен бұлар айлап.

Көп елге базар болған Орынборда,

Кеткен еді әдет болып

жылдан-жылға.

Басында маусым айы той

өтетін Ат

шапқан үлкен бөйге, қосқан жорға» (10)

Ежелден қазақ үйлену, қыз ұзату

тойларын жаз шыға, жер аяғы кеңіген

кезде өткізген. Сонымен бірге реті

келсе тойдың уақытын жәрмеңкеге

түстас етуге тырысқан. Өйткені

жәрмеңкеге жиналған өнерлі қауым

тойдың да құрметті қонағы болған.

Ырғыз өңіріндегі жәрмеңке мен

іргелес Шалқарға жиналған ақындар

мен күйшілер палуандар туралы

поэма авторы былай дейді:

«Бұл тойға талай елдің нары келді,

Қалмастан өнші, палуан –

бөрі келді.

Сарышолоқ, Арыстан жырау,

Пусырман мен

Батақтан батыр туған Сары келді.

Қазанғап күй нәсерін төгілдірді,

Төбірентіп, тыңдаушысын егілдірді.

Таңжарбай домбырамен ең салғаңда,

Елітіп, көпшілікті еміндірді.

Арыстан орнау айтып, той бастады,

Халықтан неге аясын ақын жырды.

Біраз ел Сарышолоқты тандаса да

Болмастан ағайынға жолын берді.

... Таразы топқа түсіп өн бастады,

Ақын қыз еді Тілеу –

Қабақтағы.» (11)

Көкжардың жәрмеңкесіне барлық

сән-салтанатымен қатынасып, елдің

жанын сырлы өңдерімен сусындатқан

өнерпаз Қызыл Тұрдалыұлы. Оның

«Сары ирек», «Қоғажай», «Жаңғақ»

өндері Көкжар жәрмеңкесіне жиналған

қауымның жаны сүйіп тыңдайтын

өндері болған. Қызылдың жәрмеңкеге

келген дүйім халық сүйсіне айтатын

өні «Қамшыгер»:

«Айдынына Ойылдың қаз қонады,

Қалжың айтсам жеңешем мөз

болады.

Ойнайық та күлейік жәрмеңкеде

Жәрмеңкесі Ойылдың аз болады.

Қалқам-ай, жанарыңның

жалтаны-ай!

Қалқам-ай, жамалыңның

көркемі-ай!

Қызылдың өншілік атағы Ойыл

мен Орынбордың арасына кеңінен таны-

мал болған. Қызылдың өзі де аттын

аяғы жеткен жерге серілігімен атын

шығарып, өнер ордасы - жәрмеңке-

лерде өнер көрігіп қыздырған. Орын-

бордағы «меновой двор» - Мұнайа-

ның базары мен Көкжардың жәрмең-

кесінің арасын жалғаған «Орынбор-

дың қара жолының» арасын

Қызыл талай рет өңдетіп өткен:

«Екі торы атшарбақта жем

жетітуғын,

Біреуінен біреуі кем жейтүғын.

Орынбордан ауылға шыққан түні

Серпінді өнге сөт туды

сермейтүғын.

Жатыр екен Ұлы Ойыл

тасыын деп,

Кемерінен қызыл су асайын деп.

Орынбордан ауылға шыққан түні

Өннен шашу ойладым

шашайын деп.

Қоңыр салқын, қоғажай,

Алдыманнар жер соғады-ай!

Өкінішке орай: «Жаумаиды

қап-қара бұлт желдеткесін,

Бабатай құлазиды ел кеткесін.

Қызылдың «Сары ирегін» жмдер айтар

Аттанып дүниеде мен кеткесін» -

деп, өңдетіп өмірден өткен Қызыл-

дың ғұмыры өте қысқа болды.

Өмірі мен шығармашылығы академик

Ахмет Жұбановтың «Сары» атты

музыкалық пьесасына арқау болған,

өндері қазақтың тұңғыш «Аманкелді»

кинофильміне пайдаланған ері ақын,

өрі батыр Сары Батақұлы Ырғыз

(Жармола) жәрмеңкесінің сөнін келті-

ргірген ұлы шығармашылық тулға.

Оның «Қыз Қосан», «Дарига», «Өри-

дә», «Дүния», «Туған елі» т.б. ерлік

пен өрліктеп символына айналған,

махаббат пен мұңға толы өндері жәр-

меңке қонақтарының, саудагер, көпес-

тердің, жалпы көпшіліктің сүйіп тың-

дайтын өндеріне айналды. Сарының

замандасы, тіпектес досы атақты

«Ақжелең» күйлерінің авторы, Батыс

Қазақстан күйшілер мектебінің негізін

салұшылардың бірі Қазанғап Тілеп-

бергенұлы (1854-1921) Ырғыз (Жар-



мектеп, медреселерде оқып, Түзтөбе, Орал, Ақтөбе, Орск (Жаманқала), Орынбор маңындағы елді мекендерінде бала оқытады, біраз уақыт ел өкімдерінің қасында жүріп, тілмаш-хатшылық қызметтер атқарады. Сол жылдары Кердері Әбубөкір Орынбор, Орск (Жаманқала), Орал, Ақтөбе, Темір (Қарақамыс), Көкжар (Ойыл) жәрмеңкелеріндегі бай саудагерлермен танысы болып, жәрмеңкелердің халық аңсап күткен қонағы болды. Кердері Әбубөкір өз өлендеріне жәрмеңкелерді арқау етіп, жәрмеңке өмірін дәл суреттейді. Ол өзінің өлім Қожахметпен жазбаша түрдегі жұмбақ айтысында Орынбордағы айырбас (Меновой) сауда алаңын былай деп суреттейді:

«Еділдің бойы жағалай,
Русменің салған қаласы.
Сол дарияның ішінде
Бірі абзал дегенің
Орынбор екен шамасы
Құйрентіп мал сатып,
Ақшалай кісі жиналас
Қызық болар арасы
Дүйім қазақ келмесе,
Бір адамның жетпейді
Қыздыруға сомасы.
... Сары сабзда сарай дегенің
Русменің салған Меновой
Заманнан бері келеді,
Кірпіш тасы құламай.
Толған қыз іші дегенің,
Салып қойған дүкені.
Қызыл-жасыл қазына,
Мұны білдім шамалай
Осы күні қыз болса да,
Күз күні қатын дегенің –
Қыстың күні болғанда
Тауар кетті ер жаққа,
Дүкен қалар бер жақта
Үйіліп қалған молайды». (1)

XIX ғасырдың орта тұсында патшалық Ресей мемлекеті қазақ даласын біржола игерді. Патша үкіметінің саяси отарлығына үстеме ретінде қазақ даласында капиталистік сауда қатынастары бой көрсете бастады. Қазақ қоғамында адам арасындағы қатынастар жаңаша өрістей бастады. Қайшылығы мол, күрделі кезең замана талабын жіті байқайтын дарынды ақын-композиторлардың шығармаларында кеңінен көрініс таба бастады. Қазақ ән-жыр өнерінің осы жаңа бағытының көрнекті өкілдерінің бірі – Біржан сал Қожағұлұлы.

Мезгіл тұрғысынан қазақ даласында сауда қатынастары тереңдей түскен заманда өмір сүрген Біржан салдың өнернамасында XIX ғасырдың қазақ қауымында толықтай орын тепкен осы әлеуметтік құбылыс та көрініс тапты.

Орынбордың мұнайшары (Меновой двор) қазақ өнші-композиторларының ән-жырының арқауына айналды. Кіші жүз және Орта жүзге ортақ болған айырбас сауда орталығын қазақтың ардақты ақын-композиторы Біржан сал Қожағұлұлы былайша өнге қосқан болатын: (2)

«Жігітке жарамайды ызақорлық,
Дауысқа келмесе де, өртіл зорлық.
Бозбала баса білсең, осы өнге бас,

танышына айналған өнші. Оның Орынбор, Ақтөбе жәрмеңкелерінде өзі туралы айтқан:

«Төңірберлі Молдабай,
Малға жарлы, тілге бай.
Айтар сөзге келгенде,
Орынбордың жолында
Сорғалаған жорғайды.» - деп келетін ұзақ өлеңі Қазақстанның Батыс өңіріне кең тараған, елдің сүйіп тыңдалатын шығармасына айналды. Белгілі музыкант Жаппас Қаламбаев - Молдабайдың рулас тумасы. Кезінде Молдабай мен Әкімгерейдің өндерін Әли Құрманов жазып алып өлге тартқан.

Төңірберлі Молдабайдың:
«Айт-шу, айт-шу қара нар,
Орынборға тура бар.» - деп басталатын өні – елдің саудаға бет бұрған кезіндегі өмір шындығын дәл суреттеген реалистік шығарма. (3) Ішкі Бөкей ордасында Жәңгір хан 1832 жылы негізін салған Хан ордасындағы жәрмеңке қазақ күй өнерінің тамаша саңлақтары Ұзақ, Құрманғазы, Дәулеткерейлердің былай деп суреттейді:
«Мұхит Көкжардың жәрмеңкесін аралап жүргенде бір қария татар шалының «Мұхаммедияны» өңдетіп отырғанын көреді. Қасында біраз тұрып, елден уақытта жүгіне отыра қалып, өлгінің өзінен асыра, сол әуенмен айнытпай салып «Мұхаммедияны» судыратып қоя береді. Татар шалы Мұхиттың зеректігіне таң қалып, ауызын ашып қалады. Сол сөтте Мұхит бөрікін алып, «Мына шалдың өніне де жұрт ақша беріп жатыр, менің айтқанымды сз қалай бағалайсыз» деп, қасында тұрған Соналы болысы Ақшолоқаққа ұсынады. Мақтануды сүйетін болыс, айналасына қарап, қалтасынан шиланын алып, 10 сом алтынды бөрікке лақтырып жібереді. Мұхит тағы бірнеше рет, өзінің базарды басына көтеретін ащы дауысымен «Мұхаммедияны» қақсатып жергенде, діншілер берікті өп-сөтте ақшаға толтырады. Мұхит бөрік ішіндегі табысты мұсаепі шалдың алдына аудара салып жүріп кетеді».(8)

Мұхит Көкжар жәрмеңкесінен өзге Батыс Қазақстандағы басқа да жәрмеңкелердің құрметті қонағы, қалың көпшіліктің аңсап көретін әншісі болған. Мұхиттың Ырғыз (Жармола) жәрмеңкесі арқылы ел арасына кеңінен таралған өні «Зәуреш». Бұл өн Ырғыз елінің белгілі азаматы, патша үкіметінің статский советнигі (кеңесшісі), 4-ші дәрежелі өулие Владимир орденінің иесі, Орынбордың Неплюев кадет корпусының түлегі Әлмұхамед Күнтөреұлы Сейдалининнің өйелінің қайғылы қазасына арналған. «Зәуреш» өнін Мұхит Ә.Сейдалин мен Зәурештің өкісіннің өтінішімен шығарған. Мұхиттың «Зәуреш» өні ғасырлар сынынан өтіп, өнер зерттеушілер тарапынан өте жоғары баға алған, қазақ өншілерінің бірнеше ұрпағы орындап, сәхнадан түспей келе жатқан шырайлы шығарма болып табылады. Ырғыз (Жармола) жәрмеңкесінде үш жүзге есімі мәшһүр болған, Махамбеттен кейінгі толғау алыбы –

«25 байталға ат алған,
5 байталға ит алған.
Өленді судай ағызып,
Бекберген сері атанған» - деген өзіл – қалжың өлеңі қалың көпшіліктің өлі күнге дейін есінде.(5) 1833 жылдың мамыр және қыркүйек айларында «Бүйдіргенді» деген жер-

ге үйренбеген тосын ат үркіп, күйі тартқызбайды.» деп Мөңке өз атының үстінде отырып «Қоңыр» деген күйді төгіліп орындайды. Күйді көпшіліктің сұрауымен және сырт көз сынаушылардың тілегімен Мөңке қайта орындап береді де, өзінің тиесілі бөйгесін алады. (14)

Үйшік (Гурьев), Көкжар, Орал (Теке) жәрмеңкелерінде шаршы топтың алдында жырдың күмбезін соққан айтулы ақынның бірі – Мұрат Мөңкеұлы (1843-1906). Мұрат Текеде (Орал) өзінен жасы үлкен Жаскелеңмен айтысып жеңіске жетеді. Мұрат Көкжар жәрмеңкесінде «Мұраттың жалпыға айтқаны», «Мұраттың топқа түскендегі толғауы» сияқты кө

Жәрмеңке қызған кезде халық көп жиналғанмен безбеннің екінші басына отырып орыстың «маржасын» салмақтан жеңетін адам табыла қоймайды.

Небір денелі, салмақты деген жігіттердің өзі орыс маржаны орнынан қозғап көтере алмайды. Намысқа тырысқан қазақтар ақыры Ойылдық өз жерлестері Демесінді тауып өкеледі. Демесін безбеннің бір басына отырған кезде орыс маржа дік етіп көтеріліп, халық Демесінге риза болып, жәрмеңке ұйымдастырушылардың қызыққа тіккен бөйгесіне ие болады.

Демесіннің ұрпақтары Ақтөбе өңірінде ел сыйлаған азаматтар. Соның бірі Демесіннің шөбересі - Абат Шамұлы Пөнгерей. Ол қазір Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемле-



кеттік университетінің профессоры, филология ғылымдарының кандидаты, елге танымал әдебиетші ғалым, бірнеше кітаптардың авторы. XIX ғасырда пайда болып, қалыптасқан жәрмеңкелер Батыс Қазақстанның өлеуметтік, экономикалық өміріне үлкен үлес қоса отырып, халықтық мәдениеттің орталықтары ретінде ел тарихынан үлкен орын алды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Кіші жүздің Ресейге қосылуы Батыс Қазақстанда объективті түрде сауда қатынастарының дамуына өз есерін тигізді. Сонымен қатар Батыс Қазақстанның Ресейдің Орта Азиямен сауда қатынастарын орнатуында транзиттік маңызы өте зор болды.

Батыс Қазақстан саудагерлері мен орыс, татар және Орта Азия саудагерлері Ресей товарларының таралу аймағын игеру және кеңейту процесінде маңызды роль атқарды. Батыс Қазақстан ХҮІІІ ғасырдан бастап Ресейдің құрамдас бөлігі болды.

Сондықтан Батыс Қазақстанда сауда қатынастарының қалыптасуы орыс сауда саясатының ағымында дамды.

Ресей империясының тікелей ықпалымен Батыс Қазақстанда сауда қатынастарының дамуының саяси астары да болды.

1868 жылғы реформа Ресей өнеркәсібі үшін бай шикізат көзі және оның өнімдерін өткізу рыногына айналған кең байтақ Қазақстан жерін игеру арқылы Ресей капитализмінің кеңінен жайыла дамуына өз есерін тигізді.

Сонымен қатар бұл реформа патша үкіметі мен орыс буржуазиясының мүддесі үшін жүргізілген отарлау реформасы болды және колониалдық отарлаудың күшеюіне өкеліп соқты.



Телжан Шонанов: Ресей отарлауының саяси-экономикалық сипаты туралы «Саудашыл капиталдық тек аты сауда делінгені болмаса, ісі — тонау, талау, қарақшылық» деп жазған болатын.

Саудагер В.Кузнецов: «Ресейдің орта бөлігіндегі базарларға жоғарғы сапалы товарлар салу міндеті қойылса, далалық жәрмеңкелерге сапасы төмен товарлар апарып сатылады» деп жазды.

В.Тетеревников: «Қазақ даласын шығарылатын товарлардың негізін төменгі сортты китайка, без, ірі өрнектері бар сиса сияқты Мәскеудің ману фактуралық товарлары құрады» деп атап көрсетті.

Қазақстанға капиталистік қарым-қатынастар негізінен жәрмеңке саудасы арқылы ендірілді. Қазақ даласындағы жәрмеңкелер мыңдаған жылдарға созылған көшпенділер

өмірін капиталистік саудаға негізделген жаңа тұрмысқа жалғастырған көпір болды.

XIX ғасырдың аяғында бүкіл Қазақстан бойынша ресми түрде жұмыс жасаған 106 жәрмеңке жұмыс жасады, олардың товар айналымы 82,5 млн. рубль болды.

Батыс Қазақстанда XIX ғасырдың аяғында жәрмеңкелер мен базарлар саны 112-ге жеткен, ал олардың сауда ақша айналымы жыл сайын арта түскен.

1892 жылы жәрмеңкелердің сауда айналымы 8 млн.рубльге жетсе, 1896 жылы 10,5 млн рубль, 1898 жылы 15,5 млн рубль, 1900 жылы 18,5 млн рубль, 1905 жылы 4 млн рубль болды.

XX ғасырдың басына қарай Батыс Қазақстан жәрмеңкелердің товар (зат) айналымы 1,7 млн рубльден 4,5



млн рубльге өсті. 1890 жылғы есеп бойынша жәрмеңкелік сауда қоймаларының саны 247 болды, қойма ретінде пайдаланылған киіз үйлер саны 10 мыңға жетті.

Батыс Қазақстан жәрмеңкелерінде шет елдік саудагерлер сатып алған мал және мал өнімдері мына бағытта-рға жөнелтілген.

- Орынбор — Орск — Челябинск - Екатеринбург
- Орал-Саратов — Самара —Рязань
- Ырғыз — Торғай, Орталық және Солтүстік Қазақстан
- Арал — Қазалы, Перовск, Түркістан, Арыс — Ташкент.
- Үстірт — Маңғыстау — Түркмен-стан, Қарақалпақстан
- Ойыл — Тайсойған — Мақат — Гурьев, Астрахань — Солтүстік Кавказ, Азербайжан, Иран.

1872-1914 жылдары жәрмеңкелердегі жалпы товар айналымында мал және мал өнімдерінің үлес салмағы Ресей мануфактура бұйымдарының көптеп өкелуіне байланысты 89%-дан 76%-ға төмендеген.

XIX ғасырдың аяғында Орал облысында ақша айналымы 10,5 млн рубль құрайтын 50 жәрмеңке жұмыс істесе, осыдан 10 жылдан соң облыста товар айналымы 18,5 млн рубль құрайтын 60 жәрмеңке қызмет атқарды. Құрамында Ақтөбе, Ырғыз уездері болған Торғай облысында 1896 жылы жәрмеңкелердің ақша айналымы 2,5 млн болса, 1909 жылы бұл көрсеткіш 2,5 есе өсті. Батыс Қазақстанда сауда қатынастарының дамуына үлкен үлес қосқан ірі сауда орталығы Орынбор қаласында товар айналымы 5 млн рубль құраған 446 сауда орны ашылған болатын.

1869 жылы Орынбор және Тройцк

1044 мың пұт ет сатылды.

1877-1907 жылдар арасында Батыс Қазақстандағы 15 ірі жәрмеңкелерде сатылған метал бұйымдарының 97% Ресей өнеркәсібінің бұйымдары болды.

XIX ғасырдың 80 жылдарының аяғында саудагерлер мен алыпсатарлар Батыс Қазақстан қазақтарынан жалпы құны 2,425 млн рубльге мал сатып алған. Оның ішінде 1,13 млн рубльге 450 мың қой, 1,3 млн рубльге 110 мың ірі қара болды. Осы саудадан орыс, татар саудагерлер 2 млн рубльден астам таза пайда тапқан.

Батыс Қазақстан сауда қатынастарының қалыптасып дамуы Кіші жүздің ханы Әбілқайыр есімімен байланысты. Оның сауда жұмыстарына байланысты саясатын баласы Нұралы хан жалғастырды.

Ішкі Бөкей Ордасының басқарушысы Жәңгір хан Кіші жүзде капиталистік негіздегі сауда қатынастарының дамуына үлкен үлес қосты. Батыс Қазақстанда жергілікті қазақтармен, қоныс аударып келген татар және орыс саудагерлер арасынан жергілікті сауда буржуазиясының өкілдері өсіп жетілді.

Қазақ қауымының өкілдеріне 1865 жылы көпестер гильдиясына мүше болып кіруге рұқсат етілді.

Батыс Қазақстан қазақтары арасынан шыққан саудагерлер негізінен Орынбор, Ақтөбе, Орал, Ырғыз т.б. қалалардағы көпестердің қазақ ауылдарындағы ақша-товар айырбасы жөніндегі сенімді өкілдері болды. Батыс Қазақстан жәрмеңкелеріне архив деректеріне қарағанда шамамен 400-ден астам қазақ саудагерлері қатынасқан Солардың ішінде Орынбор губерниясында жұмыс істеген жәрмеңкелерге тұрақты қатынасқан.

XIX ғасырдың 90-шы жылдары Ырғызда — 70, Торғайда — 32, Қостанайда — 37 адам делдалдықпен айналысқан, олардың арасында 58 қазақ болған.

Батыс Қазақстан территориясында саудамен айналысқан ірі көпестердің сауда операциялары бар қала немесе елді мекенмен шектелмеген. Олар алғашқыда өз саудасын шағын елді мекендерде Ресейдің өнеркәсіп товарларын қазақтарға мал және мал өнімдеріне айырбастап капитал жинаған. Кейіннен олар Орал, Ақтөбе т.б. қалаларда астық өнімдері мен өнеркәсіп товарларын сататын 62 дүкен ашқан.

Қазақ даласындағы сауда мәселесіне байланысты орыс-татар бөсекесі туралы С.Г.Рыбаков: «Сан жағынан татарлардың үлес салмағы жоғары және олар жалпы қырғыз даласындағыдай, мұнда да сауданы өз қолдарына ұстап отыр; құжынаған татарлар біреулеп-екеулеп арба дүкендеріне тауарларын артып, бүкіл өлкеге бытыра тарайды; міне осы жүріс-тұрыстары кезінде олар орыс ісінің дұшпаны және екіжүзді, арам, мұсылманшылықты насихаттаушы болып табылады». Орыс саудагерлері неге даладан бойларын аулақ ұстайды және татар ықпалы мен саудасына неге қарсы тұрмайды екен деп, еріксіз таң қаласың. Ал қырғыз даласына келсек, ол — сауда іскерлігі мен табыстылығы үшін кең еріс деп жазған болатын.

Сауда ерте заманнан бастап Қазақ-

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ АРАСЫНДА КОРОНАВИРУС ИНФЕКЦИЯСЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӨНІНДЕГІ ШЕКТЕУ КАРАНТИНДІК ШАРАЛАРДЫ КҮШЕЙТУ ТУРАЛЫ» АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БАС МЕМЛЕКЕТТІК САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІНІҢ 2021 ЖЫЛҒЫ 30 НАУРЫЗЫНДАҒЫ №ПГСВ-12 ҚАУЛЫСЫНА ӨЗГЕРІС ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ» ҚАУЛЫСЫ

Ақтөбе облысының тұрғындары арасында COVID-19 коронавирустық инфекциясының (бұдан әрі – COVID-19) таралуының алдын алу, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 104-бабының 2 және 3 тармақтарын, Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсанындағы №67, №68 қаулыларын басшылыққа алып,
ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:
«Ақтөбе облысының тұрғындары арасында коронавирус инфекциясының алдын алу жөніндегі шектеу карантиндік шараларды күшейту туралы» Ақтөбе облысы Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 30 наурызындағы №ПГСВ-12 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 1.2. тармағының 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
- «Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсанындағы №67 қаулысының 1 қосымшасындағы талаптарды сақтап, алдын ала жазылу бойынша банктер, халыққа қызмет көрсету орталықтары, «Қазпочта» АҚ бөлімшесінде жұмыс және сенбі күндері жұмыс кестесі сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін белгілене отырып, жексенбі күні жұмыс жасауына тыйым салынсын.»;

2) 1.2. тармағының 12) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
- «Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсаныдағы №67 қаулысының 16 қосымшасындағы талаптарды сақтап, сауна және моңшалар жұмыс және сенбі күндері ішкі тәртіпке сәйкес жұмыс жасап, жексенбі күні жұмыс жасауына тыйым салынсын.»;

3) 1.2. тармағының 13) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
- «Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №67 қаулысының 7 және 16 қосымшаларындағы талаптарды сақтап, сұлулық салон-

дары, шаштараздар, СПА орталықтары және косметологиялық қызмет көрсететін объектілер алдын ала жазылу бойынша жұмыс және сенбі күндері ішкі тәртіпке сәйкес жұмыс жасап, жексенбі күні жұмыс жасауына тыйым салынсын.»;

4) 1.2. тармағының 19) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
- «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №67 қаулысының 8 қосымшасындағы талаптарды сақтап, жабық спорт объектілері (спорт кешендері, спорт-мектептері, спортклубтары, жаттығу залдары), фитнес орталықтары және спорттық-сауықтыру орталықтары алдын ала жазылу бойынша жұмыс күндері ішкі тәртіпке сәйкес жұмыс жасап, сенбі және жексенбі күндері жұмыс жасауына тыйым салынсын.»;

5) 1.2. тармағының 20) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
- «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №67 қаулысының 16 қосымшасындағы талаптарды сақтап, бассейндер (1 келушіге 5 ш. м. су беті есебінен, алдын ала жазылу арқылы) жұмыс күндері ішкі тәртіпке сәйкес жұмыс жасап, сенбі және жексенбі күндері жұмыс жасауына тыйым салынсын.»;

6) 1.2. тармағының 23) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
- «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №67 қаулысының 5 қосымшасының талаптарын сақтап, СОО, сауда үйлерінде, сауда желілерінде (балалар ойын алаңдары мен аттракциондарының қызметіне тыйым салынумен) жұмыс және сенбі күндері ішкі тәртіпке сәйкес жұмыс жасап, жексенбі күні жұмыс жасауына тыйым салынсын.»;

7) 1.2. тармағының 24) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
- «Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №67 қаулысының 5 қосымшасындағы талаптар-

ды сақтап, азық-түлік емес тауарлардың барлық түрлерін сату бойынша дүкендер жұмыс және сенбі күндері ішкі тәртіпке сәйкес жұмыс жасап, жексенбі күні жұмыс жасауына тыйым салынсын.»;

8) 1.2. тармағының 25) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
- «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №67 қаулысының 5 қосымшасындағы талаптарды сақтап, «ашық ауадағы» азық-түлік және азық-түлік емес базарлары жұмыс және сенбі күндері ішкі тәртіпке сәйкес жұмыс жасап, жексенбі күні жұмыс жасауына тыйым салынсын.»;

9) 1.2. тармағының 26) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
- «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №67 қаулысының 5 қосымшасындағы талаптарды сақтап, жабық азық-түлік және азық-түлік емес базарлары (балалар ойын алаңдары және аттракциондардың қызметтеріне тыйым салынуымен) жұмыс және сенбі күндері ішкі тәртіпке сәйкес жұмыс жасап, жексенбі күні жұмыс жасауына тыйым салынсын».
Ақтөбе облысының ішкі саясат басқармасы қамтамасыз етсін:

2.1. БАҚ және өлеуметтік желілер арқылы Ақтөбе облысының аумағындағы қатаң шектеу және карантиндік шараларды кезең-кезеңімен жұмсарту туралы халықты жаппай хабардар етуді;

2.2. Өзгеріп отырған жағдайды және сырқаттанғандар санының өсуін ескере отырып, БАҚ жұмысын бірыңғай үйлестіру мен орталықтандырды.

Қаулы меншік нысанына қарамас-тан барлық жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті.

Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Ақтөбе облысының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігері Н.А. Беркімбаева.

ПОСТАНОВЛЕНИЕ «О ВНЕСЕНИИ ИЗМЕНЕНИЙ В ПОСТАНОВЛЕНИЕ ГЛАВНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО САНИТАРНОГО ВРАЧА АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ ОТ 30 МАРТА 2021 ГОДА №ПГСВ-12 «ОБ УСИЛЕНИИ ОГРАНИЧИТЕЛЬНЫХ КАРАНТИННЫХ МЕР ПО ПРЕДУПРЕЖДЕНИЮ ЗАБОЛЕВАНИЙ КОРОНАВИРУСНОЙ ИНФЕКЦИЕЙ СРЕДИ НАСЕЛЕНИЯ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

В целях предупреждения распространения коронавирусной инфекции COVID-19 (далее – COVID-19) среди населения Актюбинской области, руководствуясь пунктами 2 и 3 статьи 104 Кодекса Республики Казахстан от 7 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения» и постановлении Главного Государственного санитарного врача Республики Казахстан №67 от 25 декабря 2020 года, №68 от 25 декабря 2020 года,
ПОСТАНОВЛЯЮ:

Внести изменения в постановление Главного Государственного санитарного врача Актюбинской области №ПГСВ-12 от 30 марта 2021 года «Об усилении ограничительных карантинных мер по предупреждению заболеваний коронавирусной инфекцией среди населения Актюбинской области»:

1) подпункт 6) пункта 1.2. изложить в следующей редакции:
- «банков, ЦОН, отделения АО «Казпочта» по предварительной записи, с установлением графика работы в будние и субботние дни с 09-00 до 18-00 часов с соблюдением требований приложения 1 постановления Главного Государственного санитарного врача Республики Казахстан №67 от 25 декабря 2020 года и с запретом работы в воскресные дни»;
2) подпункт 12) пункта 1.2. изложить в следующей редакции:
- «сауны, бани в будние и субботние дни согласно внутреннего распорядка с соблюдением требований приложения 16 постановления Главного Государственного санитарного врача Республики Казахстан №67 от 25 декабря 2020 года и с запретом работы в воскресные дни»;
3) подпункт 13) пункта 1.2. изложить в следующей редакции:
- «салоны красоты, парикмахерских, СПА-центров и объектов, оказывающих косметологические услуги по предварительной записи, в будние и субботние дни согласно внутреннего распорядка, при соблюдении требо-

ваний приложений 7 и 16 постановления Главного Государственного санитарного врача Республики Казахстан № 67 от 25 декабря 2020 года и с запретом работы в воскресные дни»;
4) подпункт 19) пункта 1.2. изложить в следующей редакции:
- «крытые спортивных объектов (спорт-комплексы, спортшколы, спортклубы, тренировочные залы), фитнес центров и спортивно-оздоровительных центров по предварительной записи, в будние дни согласно внутреннего распорядка, при соблюдении требований приложения 16 постановления Главного Государственного санитарного врача Республики Казахстан № 67 от 25 декабря 2020 года и с запретом работы в субботние и воскресные дни»;
5) подпункт 20) пункта 1.2. изложить в следующей редакции:
- «бассейнов (не менее 5 квадратных метров зеркала воды на 1-го посетителя, предварительная запись) в будние дни согласно внутреннего распорядка, при соблюдении требований приложений 16 постановления Главного Государственного санитарного врача Республики Казахстан № 67 от 25 декабря 2020 года и с запретом работы в субботние и воскресные дни»;
6) подпункт 23) пункта 1.2. изложить в следующей редакции:
- «ТРЦ, торговых домов, торговых сетей в будние и субботние дни согласно внутреннего распорядка (с запретом деятельности детских игровых площадок и аттракционов), при соблюдении требований приложения 5 постановления Главного Государственного санитарного врача Республики Казахстан № 67 от 25 декабря 2020 года и с запретом работы в воскресные дни»;
7) подпункт 24) пункта 1.2. изложить в следующей редакции:
- «магазинов по реализации всех видов непродовольственных товаров в будние и субботние дни, согласно внутреннего распорядка, с соблюдением требований приложения 5 постановления Глав-

ного Государственного санитарного врача Республики Казахстан №67 от 25 декабря 2020 года и с запретом работы в воскресные дни»;
8) подпункт 25) пункта 1.2. изложить в следующей редакции:
- «продовольственных и непродовольственных рынков «на открытом воздухе» в будние и субботние дни, согласно внутреннего распорядка, при соблюдении требований приложения 5 постановления Главного Государственного санитарного врача Республики Казахстан № 67 от 25 декабря 2020 года и с запретом работы в воскресные дни»;
9) подпункт 26) пункта 1.2. изложить в следующей редакции:
- «крытых продовольственных и непродовольственных рынков в будние и субботние дни, согласно внутреннего распорядка (с запретом деятельности детских игровых площадок и аттракционов), при соблюдении требований приложения 5 постановления Главного Государственного санитарного врача Республики Казахстан № 67 от 25 декабря 2020 года и с запретом работы в воскресные дни».
Управлению внутренней политики Актюбинской области:

2.1. Провести массированное информирование населения об ограничительных и карантинных мерах и поэтапном их смягчении на территории Актюбинской области посредством СМИ и социальных сетей;

2.2. Обеспечить единую координацию и централизацию работы СМИ с учетом меняющейся ситуации и роста количества заболевших.
Постановление обязательно для исполнения всеми физическими и юридическими лицами, независимо от форм собственности.
Контроль за исполнением настоящего постановления оставляю за собой.
Настоящее постановление вступает в силу со дня подписания.

Главный Государственный санитарный врач Актюбинской области Беркимбаева Н.А.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.	Газетте жарияланған мақала авторының пікірмен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.	Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1768 дана. Тапсырыс №359 Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525 «Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.
--	--	---

ҚАСИЕТТІ РАМАЗАН АЙЫ ҚҰТТЫ БОЛҒАЙ!

БАРША ҒАЛАМДЫ ЖОҚТАН БАР ҚЫЛУШЫ, БІЗГЕ РИЗЫҚ-НЕСІБЕМІЗДІ БЕРУШІ, НЫҒМЕТТЕРІНІҢ ЕҢ ҰЛЫСЫ ИСЛАМ, ИМАН НЫҒМЕТТЕРІН НӘСІП ҚЫЛУШЫ ЖӘНЕ БІЗДІ МҰСЫЛМАНДАРДАН ЕТІП ЖАРАТҚАН АЛЛА ТАҒАЛАҒА САНСЫЗ МАҚТАУЛАР МЕН МАДАҚТАР БОЛСЫН! ЖАРАТУШЫ ИЕМІЗДІҢ СОҢҒЫ ЕЛШІСІ, СҮЙІКТІ ПАЙҒАМБАРЫМЫЗ МҰХАММАДҚА (С.Ғ.С.), ОНЫҢ ОТАБАСЫНА, САХАБАЛАРЫНА ЖӘНЕ СОЛАРҒА ҚИЯМЕТКЕ ДЕЙІН ІЗГІЛІКТЕ ЕРГЕН ӘРБІР МОМЫН МҰСЫЛМАНҒА АЛЛА ТАҒАЛАНЫҢ САЛАУАТЫ МЕН СӨЛЕМДЕРІ БОЛҒАЙ!



Мұсылман қауымы үшін жылдың ең қасиетті әрі ерекше айы – Рамазан айы. Биылғы жылы Рамазан айы сәуірдің 13-нен бастау алады. Жыл сайын асыға күткен қасиетті Рамазан айына жеткенімізге Алла Тағалаға сансыз шүкірлер болсын! Барша мұсылман бауырларды Рамазан айының келуімен құттықтаймын!

Рамазан айы барлық айлардың сұлтаны. Басқа айлармен салыстыра қарағанда Рамазан айында мүміндерге ерекше мол сауап беріледі. Бұл айда ораза ұстаған адам жаны мен тәні тазаруы үшін жаман істер жасаудан тиялу қажет. Пайғамбарымыз да (с.ғ.с.): «Рамазан келгенде жұмақтың қақпалары ашылып, тозақтың қақпалары жабылады әрі шайтан атаулының бөрі ісепденеді» - деген (Имам Бухари).

Ұлы ғұлама ғалым Хафиз ибн Раджаб: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өзінің сүйікті сахабаларын Рамазан айының келуімен құттықтайтын» - деген. Бұдан байқайтынымыз адамдардың бір-бірін Рамазан айының келуімен құттықтау, шариғатымызда құпталған амал екендігіне негіз болмақ. Салман Фарис атты сахаба (р.ғ.) былай дейді: «Алла Елшісі (с.ғ.с.) Шабан айының соңғы күндерінде айтқан құтбасында бізге былай деді: «Ей, адамдар, ұлы және қасиетті ай жақындады, төбелеріңе көлеңкесі түсті. Бұл айда мың айдан да қайырлы Қадір түні бар. Алла сол қасиетті айдың күндізінде оразаны парыз қылды, түндерінде нәпіл намазын заңды қылды. Бұл айда үлкенді-кішілі жақсылық жасаған адам басқа айларда бір парызды орындағандай сауап алады. Бұл айда бір парызды орындау — басқа айлардағы жетпіс парыз болып есептеледі. Бұл ай — Алла үшін аштық пен шөлдің, құлшылық пен тағаттың машақаттарына сабыр мен төзімділіктің айы. Сабырдың қайтарымы — жұмақ. Бұл ай — жәрдемдесу айы. Бұл ай — мүміндердің ризығын арттыратын ай. Бұл айда кім ораза тұтқан мүмкінге аузын ашатын бір нәрсе беретін болса, жасаған бұл ісі күнәларының кешірілуіне және тозақтан құтылауына себеп болады. Ораза тұтқан адамның

сауабы азымастан соның алатындай сауабына ие болады», - деді.

Иә, осындай нығметтер жасырынған айдың қадірін біліп, әрбір сәтінен құр қалмау үшін мүмін барын салады. Сондықтан да Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір хадисінде: «Егер адам баласы рамазан айының не екенін лайықты түрде түсіне білсе, бір жылдың бастан-аяқ Рамазан болуын қалар еді», - деген.

Бұл ай жылына бір рет келетін зор мүмкіндік. Сондықтан ғибадат айында ерекше рухани күйде іс-амалдарды електен өткізіп, иманды жаңартуға, ізгілік істер арқылы жүректі жұмсартуға тырысу қажет. Ал осы бір мүмкіндікті көдеге жарата алмау нағыз немқұрайшылықты білдіреді.

Исламның бес парызының бірі — Рамазан айында ораза тұту. Сондықтан да дінімізде оған ерекше мән беріледі. Себебі, ол сенімнің бір бөлігін құрайды. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.): «Ораза — шыдамның жартысы, ал шыдам — сенімнің жартысы» - деген. Оразаны басқа ешқандай құлшылықтармен салыстыруға болмайды. Өйткені, Алла Тағала пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.ғ.с.): «Адамның барлық жақсы, хайырлы істерін Алла ол есе, тіпті одан да жоғары бағалайды. Бірақ ораза не үшін тұтылған болса, сол үшін сауабын, сыйын молынан беремін» - деп айтқаны белгілі. Сондықтан ораза қарсаңында алғаш ауыз бекіткісі келетін бауырларымызға тағы да Алла Тағаланың осы бір үкімін естеріне сала кеткім келеді.

Алла Тағала оразаны бұрын өткен Пайғамбарлардың (ғ.с.) қауымдарына парыз еткеніндей, пайғамбарымыз Мұхаммадтың (с.ғ.с.) да үмбетіне, яғни біздерге де рамазан айында 30 күн ораза ұстауды парыз етті. Бұған байланысты Құран Кәрімде былай делінген:

«Ей, иман келтіргендер! Өздеріңнен бұрынғыларға ораза ұстау міндет етілгендей, сендерге де ораза тұту парыз етіледі. Мүмкін тақуалыққа қол жеткізерсіңдер» (Бақара сүресі, 183 аят).

Биыл пітір мөлшері 420 теңге болып белгіленді. Пітір садақаның мөлшері 2 келі ұнның орташа бағасымен есептеледі. Ал ұнның бағасы ҚМДБ-ның қала және облыс әкімдіктерінің берген мәліметі негізінде анықталды.

РАМАЗАН АЙЫНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

1. РАМАЗАН – СЫНАҚ АЙЫ

Адам баласы бұл айда өз нәпсінін тынып, жаман нәрседен, яғни ғайбат сөйлеуден, ауыр күне жасаудан, жала жабудан аулақ болып, жақсы нәрселерге, яғни өзін сабырлыққа, шыдамдылыққа, тақуалыққа тәрбиелеуі керек. Ораза адам баласы мен Ұлы жаратушының арасындағы сыр. Кісінің ораз тұтып жүргені бір Аллаға ғана аян. Сондықтан Исламда иманның, сенімнің жоғары тұратындығы осыған дәлел. Әлдебіреу ораза тұтқан адамның көңіліне тиіп, балағаттаса,

ауыр сөз айтып, қол жұмсағысы келсе, өлгі аузы берік кісі: «Мен оразамын», - деп үш мәрте айтуы керек. Пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.ғ.с.) бір кісі келіп: «Ей Алланың Елшісі (с.ғ.с.)! Маған айтыңызшы, қай амалды істесем, жұмаққа кіремін?» - деп сұрапты. Сонда Алланың Елшісі (с.ғ.с.): «Оразаң сені алып кіреді»-деп жауап береді. Өлгі кісі Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) келіп, тағы да өлгі сұрақты қойған уақытта жоғарыдағы жауабын қайталапты.

2. РАМАЗАН – КЕШІРІМ АЙЫ

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.): «Кімде-кім ауыз бекітсе, Алла Тағала оның істеген күнелерін кешіреді»-деген. Сондықтан да Алла Тағала бұл айдың бір түнін қасиетті де қадірлі етті. Рамазан айының 26-сынан 27-сіне қараған түні Алла Тағаладан алғаш рет Құран аяттары түсті. Сол себепті бұл түн «Қадір түні» деп аталады. Ол түннің игілігі мың айдан да артық. Ол түнде Алланың өмірімен бүкіл періштелер және Жәбірейіл періштенің өзі де жерге түседі. Ораза тұтып, Жаратушы Жаббар Иесі еске алғандардың барлығының тілектерін Алла Тағала қабыл етіп, сол түні таң атқанша Алланың пенделеріне сыйлаған сәлемі, биіктілігі, тыныштығы жалғасады. Бұл жайт Құран Кәрімнің Қадір сүресінде кеңінен баяндалған.

3. РАМАЗАН – ТАҚУАЛЫҚ АЙЫ

Оразада адам дене қалауларын тәрбиелеп, нефісінің құлы болып кетуден өзін азат етеді. Ауызды астан ғана емес, жаман сөздерден, ғайбаттан тыйса, көзді харамға қараудан, құлақты харам нәрселерді естуден тыйады. Көп ұйқы мен көп тамақтану иманның өлсіреуіне алып келеді. Тамақты қажетті мөлшерінен асырып жеу – адамның зейінін бұзады, ар-Рахманға бойұсынуда денені ауырлатып, адамдағы шайтанның жолдарын азықтандырады. Сондықтан, ораза ұстаған адамның өрі денесі, өрі рухы тынығады. Ең бастысы адамның қас-дұшпаны болған нефісін тазартып, Рабысына жақындай түседі. Себебі, адам үшін ең ұлы күрес – ол нефісмен болатын күрес екенін Алла елшісі де (Оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) ескертіп кеткен еді. Нәфісге тойтарыс беріп, көркем мінезділікке, тақуалыққа қадам басу – мүмкіннің жеңісі болмақ. Сондықтан да, біз қадірін түсінгенше зулап өте шығатын Рамазан айындағы зор нығметтерден құр қалмайық, ағайын! Алла Тағала Рамазанның әрбір сәтінен өз үлесімізді алып, жұмақ қақпаларымен жүзіміз жарқын боп кіруді нәсіп етпей!

Олай болса, қадірменді мұқтарам жамағат Алла Тағала алдымызда келе жатқан мұбарак Рамазан айын және ұлық Қадір түнін баршамызға құтты қылып, Осы айды Алла разылығы үшін тағат-ғибадатпен өткізуді шын жүрегімізден ынталандырсын. Еліміз көркіейіп, дініміз марқая берсін!

Р.С. БҮЙІП РАМАЗАН АЙЫ ІЗ СӘУІРДІ БАСПАЛЫП, ІІ МАМЫРҒА АҚПАЛАДЫ. РАМАЗАН АЙЫ 30 КҮН БОЛМАҚ. ІІІ МАМЫР – ОРАЗА АЙМ ҚҰНІ. ІІІІ МАМЫРДАН ІІІІІ МАМЫРҒА ҚАРАЖАН ТҮН – ҚАДІР ТҮНІ. ІІІІІІІ САҚАҚА ЖАН БАСЫНА ШАҚҚАНДА 420 ТЕҢГЕ БОЛЫП БЕЛГІЛЕНДІ.


Нұрсұлтан СЕРІКҰЛЫ,
Ойыл аудандық мешітінің бас имамы.




Вакцина инфекциялық агенттерді – ауру тудыруы мүмкін вирустарды, бактерияларды немесе басқа да микроорганизмдерді имитациялайды



Осылайша адамның иммундық жүйесі тез және тиімді жауап беруге «үйренеді»



COVID-19-ҒА ҚАРСЫ САЛЫНАТЫН ВАКЦИНА ҚАУІПТІ МЕ



COVID-19-ға қарсы вакцинациялау кезінде ауру тудырмайтын, бірақ сонымен қатар, иммундық жауапты қауіпсіз генерациялайтын, инактивацияланған немесе әлсіздендірілген вирусты пайдалана отырып фрагменттер қолданылады



ДДСҰ жаппай қолдануға рұқсат берген вакциналар ауруларға қарсы күресте олардың қауіпсіздігін және тиімділігін дәлелдеу мақсатында міндетті түрде тестілеуден және клиникалық сынақтардан өтеді, сондай-ақ ұлттық реттеуіш стандарттарына сәйкес келетіндігі тексеріледі

2021 ЖЫЛДЫҢ ІІ ТОҚСАНЫНА КӨПТОҒАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ				
Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдау жүргізетін адамның Т.А.Ә.,лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
Көптоғай ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Асылбаев Ерлан Базарбаевич Округ әкімі	7,14,21,28 сәуір 5, 12, 19, 26, мамыр 2, 9, 16, 23, маусым	Көптоғай ауылы, Достық көшесі №6	74-5-23

ӨРТ - ТІЛСІЗ ЖАУ ЕКЕНІН ЕСТЕН ШЫҒАРМАЙЫҚ!

Адам өміріне, қоршаған ортаға орасан шығын әкелетін өрт оқиғасы деп аталып, жазылғанымен, өлгі де болса немқұрайлықпен қараудамыз. Сондықтан, осы кезде өрт қаупіне қарсы күрес жүргізіп, оны болдырмаудың мүмкіндіктерін жасап отыруға тиіспіз. Ең басты мәселе адам өмірі мен мемлекеттің мүлкін өрттен қорғау. Өрт – тілсіз жау. Ол адамдарға қасірет өкеліп, материалдық шығындарға ұшыратады. Сондықтан да өрттен сақтану мәселесіне өркез үлкен жауапкершілікпен және сергектіппен қарамаса, ол опық жепізеді.

Мысалы: 2020-2021 жылдардағы өрт жағу маусымының өткен кезеңінде тұрғын үй секторында 6 өрт оқиғасы, ал 2019-2020 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 6 жағдайға, яғни бірқалыпты деңгейде болу.

Өрттердің пайда болуына себеп болған:

- 3 тұрғындардың өрт қолдану кезіндегі абайсыздығынан;
- 2 от жағу пешінің пайдалану ережелерінің бұзылуынан;
- 1 тұрғын үйдегі электр желілерінің ақаулығы және пайдалану ережелерінің бұзылуы;
- 2019-2020 жылы өрттердің пайда болуына себеп болған:

- 1 тұрғын үйдегі электр желілерінің ақаулығы және пайдалану ережелерінің бұзылуы;

ЕКІПЕ ЕҒУ ОРАЗАНЫ БҰЗА МА?

Негізінде шариғат бойынша кез келген нәрсе табиғи жолдар (ауыз, мұрын, тік ішек) арқылы ішке кірсе, ораза-ны бұзады. Ал дене арқылы кірсе, оразаны бұзбайды. Бұл туралы «Фәтауа Гиндия» кітабында «Терідегі ұсақ тесіктер арқылы май секілді заттың ішке кіруі оразаны бұзбайды» делінген (1 том, 266-бет).

Имам Әбу Юсуф пен Имам Мұхаммед (Алла оларды рақым етсін) бұл жайында: «Қарындағы және бастағы терең жараны емдеу оразаны бұзбайды. Өйткені (ораза бұзылу үшін оған қолданылатын) дәрі ішке негізі (табиғи) жолдармен баруы шарт. Ал ішке баратын жолдың тығыздығынан және емделу барысында оның бітеліп қалуынан жара арқылы дәрінің ішке жетуі екіталай», – деп тұжырым жасайды («Әл-фиqh өл-ханафи уә адилләтуһу», 1/392).

Имам Әбу Ханифа (Алла оны рақым етсін): «Қарындағы немесе бастағы терең жараны емдегенде дәрі ішке немесе бас миға жетеді және ол оразаны бұзады», – деп ескерткен («Әл-һидая шарху бидағат өл-мубтади», 1/557).

Қазіргі заман ғалымдары екпе арқылы салынатын дәрілерді ас-су сияқты денеге азық, қуат болатын және емделу үшін (денеге қуат, азық болмайтын) етіп, екіге бөліп қарастырады. Олар: «Тері астына және бұлшық етке емделу үшін (денеге қуат, азық болмайтын) ине салса, ауыз ашылмайды», – деп айтады. Бірақ көк тамырға екпе салу (қан құюдан басқа) мәселесінде ғалымдардың көзқарасы өртүрлі. Ғалымдардың көбі «Тамырға салынатын ине денеге қуат, азық болмаса, ораза бұзылмайды» дейді («Әл-муфассал фи өл-фиqh өл-ханафи», 276-бет).

Екпе (вакцина) – бактерия, вирус секілді микроорганизмдерден алынып, адам организмине жұқпалы аурулардан алдын ала сақтану және олардың иммундық қасиетін арттыру үшін егілетін препарат. Ол қажетті дәрі емес организмге қуат беретін аурумен емес. Сондықтан адам денесіне (тері астына, бұлшық етке, жамбасқа, көк тамырға) инемен екпе егу оразаны бұзбайды.

Хасан АМАҢҚҰЛ.



muftyat.kz

Рамазан

Ойыл ауданы



QR-код арқылы Рамазан парақшасына өте алысыздар

Рамазан айы	Апта күндері	Сәуір және мамыр	Таң (Сәуір бітіні уақыты)	Күннің шығуы	Бесін	Екінті	Ақшам (Ауыздану уақыты)	Құптан
1	Сейсенбі	13 Сәуір	04:59	06:29	13:27	18:11	20:16	21:47
2	Сәрсенбі	14 Сәуір	04:56	06:27	13:27	18:12	20:18	21:49
3	Бейсенбі	15 Сәуір	04:54	06:25	13:27	18:13	20:19	21:51
4	Жұма	16 Сәуір	04:51	06:23	13:26	18:14	20:21	21:53
5	Сенбі	17 Сәуір	04:49	06:21	13:26	18:15	20:22	21:55
6	Жексенбі	18 Сәуір	04:46	06:19	13:26	18:16	20:24	21:57
7	Дүйсенбі	19 Сәуір	04:43	06:17	13:26	18:17	20:25	21:59
8	Сейсенбі	20 Сәуір	04:41	06:15	13:26	18:18	20:27	22:02
9	Сәрсенбі	21 Сәуір	04:38	06:13	13:25	18:19	20:28	22:04
10	Бейсенбі	22 Сәуір	04:36	06:12	13:25	18:20	20:30	22:06
11	Жұма	23 Сәуір	04:33	06:10	13:25	18:21	20:31	22:08
12	Сенбі	24 Сәуір	04:31	06:08	13:25	18:22	20:33	22:10
13	Жексенбі	25 Сәуір	04:28	06:06	13:25	18:23	20:34	22:12
14	Дүйсенбі	26 Сәуір	04:26	06:04	13:24	18:24	20:36	22:14
15	Сейсенбі	27 Сәуір	04:23	06:02	13:24	18:24	20:37	22:17
16	Сәрсенбі	28 Сәуір	04:21	06:00	13:24	18:25	20:39	22:19
17	Бейсенбі	29 Сәуір	04:18	05:59	13:24	18:26	20:40	22:21
18	Жұма	30 Сәуір	04:16	05:57	13:24	18:27	20:42	22:23
19	Сенбі	1 Мамыр	04:13	05:55	13:24	18:28	20:43	22:26
20	Жексенбі	2 Мамыр	04:11	05:53	13:24	18:29	20:45	22:28
21	Дүйсенбі	3 Мамыр	04:08	05:52	13:24	18:30	20:46	22:30
22	Сейсенбі	4 Мамыр	04:06	05:50	13:23	18:31	20:48	22:32
23	Сәрсенбі	5 Мамыр	04:03	05:48	13:23	18:32	20:49	22:35
24	Бейсенбі	6 Мамыр	04:01	05:47	13:23	18:33	20:51	22:37
25	Жұма	7 Мамыр	03:58	05:45	13:23	18:34	20:52	22:39
26	Сенбі	8 Мамыр	03:56	05:44	13:23	18:34	20:53	22:42
27	Жексенбі	9 Мамыр	03:54	05:42	13:23	18:35	20:55	22:44
28	Дүйсенбі	10 Мамыр	03:51	05:41	13:23	18:36	20:56	22:46
29	Сейсенбі	11 Мамыр	03:49	05:39	13:23	18:37	20:58	22:49
30	Сәрсенбі	12 Мамыр	03:46	05:38	13:23	18:38	20:59	22:51

ЕСКЕРТУ:

Мамыр айының 8-нен 9-на қараған түн – қасиетті Қадір түні.

Пітір садақсы жан басына 420 теңге деп белгіленді.

Садақшаны **Kaspi.kz** мобильді қосымшасы арқылы аударуға болады.

Ораза ниеті: Алла Тағаланың разылығы үшін таң атқаннан қыр батқанға дейін рамазан айының оразасын ұстауға ниет еттім.

Рамазан дұғасы: Уа, Жаратқан Ием! Сенің разылығың үшін ораза ұстадым. Саған иман келтірдім. Саған тәуелім еттім, Сен берген ризықпен ауыз аштым. Уа, Кешірімді Алла! Менің алдыңғы және соңғы күнә-кемішіліктерімді кешір!

CALL-ОПТАЛЫҚ
+7(7172) 33-30-30

Ойыл ауданы

Аяулы анамыз Гайсина Бибіш Садыққызын сағына еске аламыз...

(12.01.1936ж - 12.04.2020ж)

Келмесіне кім қияды,анасын
Түс көргендей болып кейде қаласың
Анаң ғана мәңгі өмір сүрердей,
Жаулайды екен, перзентінің санасын..
Мейлі Анаң жүзден асып кетседе,
Көрілігі қуып жүріп жетседе,
Перзент үшін, қартаймайды Анасы
Қиындықпен сынақтардан өтседе
Асыл Ана,жүзің нұрлы күн едің
Шаңырақтың мерекесі гүлі едің
Сабырлы едің қадамы бар салмақты
Мейірімге бөлеуші едің жан жақты
Барлық балам болса екен деп,қасыңда
Барлықтарын теңеп қойып асылға.
Берін бірдей көре алатын,Анашым
Жасыңызды жетсе деп ек қасырға.
Тазалықты сүйген еді жаныңдай.
Таза жүрек, қалай тұрсын сағынбай
Сағынамыз езеуіреген кезіңді .
Жүре алмаймыз,бұл тағдырға бағынбай.
Кеттің Ана,жұмағыңа білеміз..
Дұға тілеп,еске алып біз жүреміз.
Ақ жаулығың исіңізді сіңдірген .
Соны иіспен, аңсап кейде жүреміз.
Даусың сенің естілгенде жібідік,
Сол даусыңды іздеп, жаным түңілдік
Жадыраған жаның жаздай көрінген,
Жансыз бейне суретіңе үңілдік.
Жап жарық Ай,сендей сұлу болмаған..
Ұнамай тұр,бұл тыныштық орнаған.
Өзің барда шуылдаған мемерең,
Тып тыныш боп,есейгендей таң қалам.
Анажаным ақ жүрегің кең еді-ау.
Қиналанда еш білдіргің келмеді ау
Сіздей мықты бола алмаймыз,
Жоқ дегенге бала жүрек,сенбейді ау
Жаным анам,жалған өмір мәңгі емес..
Пөк жүзіңдей,елестеді таңғы елес.
Сізсіз өмір..өтер бірақ, мәнді емес
Тек жақсылық оймен ғана жүргенім.
Еске алушылар: Азам - Рахат, Жанат - Әзілхан, Гүлзат, Гүлбаршын - Оралбай, Абат, Сымбат.

Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейінің ұжымы музейдің ғимаратқа кешенді қызмет көрсетуші Бақыт Төлесіновке жеңгесі

Светаның
кенеттен қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.